

The article shows the daily ration of 4.5-5 months and 6-7 months lambs. According to our research, to obtain 1 kg of meat cost of feed is the younger group, 7.6 kg, 7.1 kg in the middle, and over 7 kg.

Keywords: South Kazakh Merino, live weight, slaughter live weight, carcass weight, carcass yield, slaughter weight, carcass yield.

ӘӨЖ 637.623: 636.3

Д.С. ШЫНЫБАЕВ., Г.М. ЖУМАГАЛИЕВА

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

ТУҒАН САЛМАҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЗЫ ЕТІНІҢ САПАСЫ

Аннотация

Мақалада тәжірибелік топтардың 4,5 және 7 айдағы бақылау сойыстарының нәтижелері, қозылардың тірі салмақтарының салыстырмалы көрсеткіштері көрсетілген. Еркек қозылардың туым кезінде, 4,5 айлық мезгілінде және 7 айлығында тірі салмақтары анықталған. 4,5 ай мезгіліндегі бақылау сойыс нәтижесінде орта мен ірі салмақты қозылардың сояр алдындағы ұша және сойыс салмақтары, ұсақ топтағы қозылардан жоғары болды. 7 ай мезгіліндегі бақылау сойыстың нәтижесі бойынша орта мен ірі салмақты қозылардың, ұсақ қозылар тобымен салыстырғанда айырмашылықтары қысқарғанмен олардың сояр алдындағы салмақтары, ұша және сойыс салмақтарының артықшылығы болды.

Кілт сөздер: оңтүстік қазақ меринос қойы, тірі салмағы, сояр алдындағы салмағы, ұша салмағы, ұша шығымы, сойыс салмағы, сойыс шығымы.

Елімізде нарық экономикасы қалыптасу барысында барлық аймақта табиғи-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты өндірісі де өзгеріп жатыр. Әр жерде өзіне пайда беретін, сұранысы бар өнімді өндіру басты шартқа айналды. Соңғы жылдардағы егіншіліктің, әсіресе дәнді дақылдардың көлемі артуына байланысты мал шаруашылығының жоғары өнімді, тиімді салалары; құс, шошқа, ірі қара шаруашылығының баса көңіл аударылып келеді. Ал қой шаруашылығы шөл, шөлейт, құрғақ, далалық, таулы аудандарға, ысырылып барады. Бұл заңды құбылыс. Қазақстанда жайылым баршылық. Табиғи жайылымды ең жақсы пайдаланатын, сол жерде қажетті және арзан өнім беретін төрт түлік малдың ең пайдалысы қой. Қойдың жақ сүйегі сүйір, ерні жұқа, күрек тістері үшкір. Сондықтан қой қысқа, неше түрлі ұсақ шөптерді жеуге бейім. Түрлі арамшөптерді де қой жақсы жейді. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің мәліметтеріне қарағанда 600 түрлі арамшөптің 570 түрін қой, 81 түрін жылқы, 56 түрін ғана сиыр жейді екен [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына «Әр тараптандырудың маңызды сегменті агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» болып табылады, делінген. Біріншіден, негізгі салмақ еңбек өнімділігінің артуына түсірілуі тиіс. Агроөнеркәсіптік кешенде 2014 жылға қарай, өнімділікті кем дегенде екі есе арттыру қажет. Бұл күрделі міндетті аграрлық-индустриялық әртараптандыру ғана, яғни ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеуді шұғыл арттыру, жаңа құрал-жабдықтар, жаңа технологиялар мен ауыл шаруашылығындағы жаңа көзқарас шеше алатын жағдайда. Әлемдік тәжірибені пайдалану, оны біздің ауыл шаруашылығымызға жедел ендіру керек. Екіншіден, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аса маңызды мақсат. Азық-түлік тауарлары 2014 жылға қарай ішкі рыногының 80-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс, деп ерекше атап айтылған [2].

Осыған орай, дамудың жаңа кезеңі ел агроөнеркәсіп кешенінің алдына бірқатар жаңа, аса маңызды міндеттер қойып отыр. Қалыптасқан әлемдік үрдістермен қолда бар әулетті ескерер болсақ, агроөнеркәсіп кешені біздің экономикамыздың жоғары маңызды, табысты саласы болуға тиіс, біріншіден ол елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс, екіншіден ауыл

шаруашылығының өнімдерін экспортқа шығаратын арналарды кеңейту қажет. Осы тұрғыдан зооветеринария жүйесін халықаралық стандарттарға көшіру қажеттілігі де бар.

Қой шаруашылығы өте қажет және пайдалы мал шаруашылығының саласы. Шөлейт алыстағы жайылымдарды пайдаланып, сол жерде күзде, қыста, көктемде жайып, туған қозыларды қалаларға жақындатып бордақылап сойып сатуға болады. Сөйтіп, экстенсивті өндіру-өсіру технологиясын интенсивті-бордақылау технологиясымен ұштастыруға әбден болады.

Қой етін өндіруді молайтып, оның сапасын жақсарту—жайып-бағу бордақылау есебінен етке өткізілетін қойларды дұрыс дайындауға негізделеді. Жоғары сапалы қой етін өндірудегі негізгі континент сол жылғы туған қозылар болып табылады. Қозыларды етке өткізудің тиімді болатын себебі, ірі қойға қарағанда олар шөпті жақсы сіңіреді, жұмсалған жемнің әр килограммына шаққандағы қосымша салмағы да артық болады.

Малды етке өткізуге дайындау мерзімі қойлардың салмағы мен оларды қандай кондицияға жеткізуге белгіленуіне байланысты. Етке өткізілетін малды әзірлеудің бірнеше әдісі бар: тәулігіне орташа салмақ қосу деңгейі 200-250 г мөлшерінде болатын 60 күндік интенсивті бордақылау, тәулігіне орта есеппен 120-150 г салмақ қосып отыратын 90 және одан да көбірек күн жайып семірту, жайып семірту мен бордақылауды ұластыра жүргізу.

Егер әлдеқандай себептермен нәтижесі ойдағыдай болмаған жағдайда, қозылар тағы да 40-50 күн қосымша күтімге қойылады. Қосымша күтімге сүрлемі—3,4 кг, аралас шөп пішені —0,5 кг және арпа жармасы—0,4—0,5 кг болады. Бұл кезеңдегі әр қозының орташа қосымша салмағы тәулігіне 140-160 г. Мұндай қосымша күтімнен кейін қозының салмағы 40-44кг, таза еті 19-21кг тартады. Жалпы массасының 80 пцентінен астамы ет болады [3,4,5].

Қой еті осы шаруашылық беретін өнімдердің ең негізгі түрі, Қазақстанда өндірілетін барлық еттің қоректілік ішінде қой етінің үлесі 30пайыз шамасында. Қой етінің қоректілік құндылығы да айтарлықтай. Оның бұлшық ет тарамдарында толық толық құнды белоктар жиынтығының болатыны айқын. Қозыларды бордақылап, жедел семіртіп, оларды туған жылы етке өткізу, ет сапасын жақсартып, ет өндіруді арттырудың аса бір тиімді жолы. Қозы еті құрамында холестеринді заттардың, майдың аздығымен ерекше бағаланады. Қозы етін адам организмі оңай қорытып, тез сіңіреді. Сонымен қатар қозы етінің өзіндік құны да төмен.

Зерттеу әдістері Зерттеу деректері болып Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы «Шарбұлақ» асыл тұқымды шаруашылығындағы оңтүстік қазақ меринос қой тұқымының еркек қозылары алынды. Еркек қозылардың туым кезінде, 4,5 айлық мезгілінде және 7 айлығында тірі салмақтары анықталған.

Зерттеу нәтижелері Қойдың еттілігінің негізгі көрсеткіштері: оның сояр алдындағы тірі салмағы, қондылығы, сойыс салмағы және сойыс шығымы. Сояр алдындағы тірі салмақ, қойды 24 сағат аш ұстап, таразымен өлшеу арқылы шығарылады.

Кесте 1- Тәжірибелік топтардың 4,5 айдағы бақылау сойыстарының нәтижелері

Салмағы бойынша (байланысты топтар)	n	Көрсеткіштері(M±m)				
		Сояр алдындағы салмағы, кг	Ұша салмағы, кг	Ұша пығымы, %	Сойыс салмағы, кг	Сойыс пығымы, %
ұсақ	3	27,46±0,11	12,93±0,06	47,08±0,12	13,23±0,07	48,16±0,13
орта	3	30,3±0,21	14,42±0,09	47,56±0,05	14,74±0,1	48,59±0,06
Ірі	3	32,53±0,04	15,40±0,04	47,35±0,17	15,73±0,05	48,35±0,19

4,5 ай мезгіліндегі бақылау сойыс нәтижесінде орта мен ірі салмақты қозылардың сояр алдындағы ұша және сойыс салмақтары, ұсақ топтағы қозылардан 10,3-18,5%, 11,5-19,1%, 11,4-18,9%-ға дейін жоғары болды, бұл көрсеткіштердің айырмашылықтары сенімділіктің екінші және үшінші деңгейде болғанмен ұша және сойыс шығымдары барлық топтарға біркелкі болды.

Кесте 2 - Тәжірибелік топтардың 7 айдағы бақылау сойыстарының нәтижелері

Салмағы бойынша (байланысты топтар)	n	Көрсеткіштері(M±m)				
		Соляр алдындағы салмағы, кг	Ұша салмағы, кг	Ұша шығымы, %	Сойыс салмағы, кг	Сойыс шығымы, %
ұсақ	3	35,53±0,11	17,75±0,08	49,95±0,09	18,27±0,08	51,40±0,10
орта	3	38,26±0,16	19,11±0,07	49,95±0,10	19,65±0,08	51,34±0,12
ірі	3	39,4±0,07	19,91±0,1	50,61±0,3	20,52±0,11	52,07±0,35

7 ай мезгіліндегі бақылау сойыстың нәтижесі бойынша орта мен ірі салмақты қозылардың, ұсақ қозылар тобымен салыстырғанда айырмашылықтары қысқарғанмен олардың сояр алдындағы салмақтары, ұша және сойыс салмақтарының артықшылығы тиісінше 7,7-10,9 %, 7,6-12,2 %, 7,5-12,3 % болды, бұл көрсеткіштер сенімділіктің екінші және үшінші деңгейін білдіреді, ал сонымен қатар пайыз есебімен анықталатын ұша мен сойыс шығымдары бір деңгейде болды.

Кесте 3 - Тәжірибелік топтағы қозылардың тірі салмақтарының салыстырмалы көрсеткіштері

№	Жасы	n	өлшемдері	Топтар		
				Ұсақ салмақты	Орта салмақты	Ірі салмақты
1	Туғанда	30	кг	3,51±0,01	4,21±0,02	4,98±0,01
			%	-19,9%	100%	+18,3%
2	4,5ай	30	кг	27,61±0,02	30,32±0,03	32,6±0,04
			%	-9,8	100%	+7,5%
3	7ай	30	кг	35,57±0,04	38,2±0,05	39,34±0,02
			%	-7,4%	100%	+3,0%

Зерттеу тәжірибе бойынша салмақтарына қарай бөлінген үш топтағы қозыларды салыстырсақ, орта топтағы қозылардың салмақтарын 100 %-ға теңелген кезде ұсақ топтағы қозылардың салмақтары туған мезгілінде 19,9 % кем, 4,5 ай 9,8 %- кем ал 7 айлық мезгілінде -7,4 % кем болды, бұл деген ұсақ топтағы қозылардың туылған мезгілінде айырмашылығы сенімділіктің үшінші деңгейінде болса, 7 айлық мезгілінде бұл айырмашылығы сенімділіктің екінші деңгейінде болды, яғни ұсақ қозылардың өсіп дамуы жылдам, себебі ірі топтағы қозылардың туған мезгілінде тірі салмақтарының көрсеткіштері сенімділіктің үшінші деңгейінен жоғары болса, 7 айлық мезгілінде айырмашылықтары сенімділіктің бірінші деңгейінен де кем болды.

Қорытынды Оңтүстік қазақ меринос қой тұқымының қозылардың ет өнімділігіне тікелей әсер ететін олардың тірі салмақтары біздің зерттеулер нәтижесінде ұсақ салмақты (орта салмағы-27кг) қозылар анасынан бөлінген кезде (4-4,5 ай) ет өндіруге табында қалдыруға тиімсіз, себебі 7 айға дейін мұндай қозыларды ұша салмағы төмен және азық артығымен жұмсалады, орта және ірі салмақты қозылар (30-32 кг), 7 айға дейін жайып семірткен мезгілінде ұша салмақтары орта есеппен 19 кг килограмнан жоғары болады және азық өлшемдері кем жұмсалады, сондықтан орта және ірі салмақты еркек тоқтылардың ет өндіруі жоғары дәрежеде бәсекеге қабілетті.

ӘДЕБИЕТ

1 Сабденов К., Омбаев Ә.М., Шауенов С., Исламов., Құлатаев Б. Қой шаруашылығының тиімділігін арттыру. Шымкент «Жебе» баспа үйі, 2010 ж.,-84 б

2 Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауына-2012 ж, 27 қаңтар

3 Шыныбаев Д.С., Жүзбаева А.К. Рост и развитие комолого молодняка овец породы южноказахского мериноса, Материалы // Международная научно-практическая конференция «Ветеринария и животноводство: теория, практика и инновации» посвященная 80-летию академика К. Сабденова, 33-35 б.

4 Зарпуллаев Ш.Н., Исагулов Н.Е. Рост и убойные качества баранчиков в период их летнего нагула Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым, Ресей ауыл шаруашылық ғылымдары академиясының академигі Қ.У. Медеубековтың 75 жылдығына арналған мал шаруашылығы проблемалары жөніндегі халықаралық практикалық конференция. Қазақстан, Алматы 2004 ж 251-253 б.

5 Тоқтамсыова Н.М., Оспанбеков К.Ж., Шыныбаев Д.С. Убой молодняка овец южноказахских мериносов разных внутрипородных типов, Исследования, результаты. Алматы, «Агроунивер»2008 г.№2 133-136 б.

Д.С. Шыныбаев., Г.М. Жумагалиева

Казахский Национальный Аграрный Университет, г.Алматы

КАЧЕСТВО МЯСА ЯГНЯТ ЗАВИСИМОСТИ ОТ ЖИВОЙ МАССЫ

Резюме

В статье показаны подопытные группы 4,5-7 месячных контрольного убоя и сравнительные показатели живой массы тела ягненка. При рождении ягнят возрасте 7 и 4,5 месяцев показаны живое массы тела в возрасте 4,5 мес. При контрольном убое было установлено, что средний и крупные ягнята перед убоем туша и убойный вес был выше чем ягнята в малой группе в весе соответственно, а в возрасте 7 мес. Врезультате контрольного убоя средние и крупные ягнята по сравнению с мелкими ягнятами разница заметно соктраилось но все же были отличия по туше и по убойному весу.

Ключевые слова: южноказахский меринос, живая масса, предубойная живая масса, масса туши, выход туши, убойная масса, убойный выход.

Shynybayev D.S., Zhumagaliyeva G.M.

Kazakh National Agricultural University, Almaty

MEAT QUALITY LAMBS DEPENDING LIVE WEIGHT

Summary

The article shows the experimental group 4.5-7 monthly control slaughter and comparative figures live body weight of lamb. At birth, lambs aged 7 and 4.5 months shown live body weight at the age of 4.5 months. At control slaughter found that medium and large lambs before slaughter and carcass weight of slaughtered lambs was higher than in a small group in weight, respectively, and at the age of 7 months. Vrezultate kontrolnog medium and large slaughter lambs compared with small lambs noticeable difference soktrailos but still were differences in carcass and slaughter weight.

Keywords: South Kazakh Merino, live weight, slaughter live weight, carcass weight, carcass yield, slaughter weight, carcass yield.